



№32 (10022)
23 сәуір,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық аземіміз

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары АҚШ бас консулы ғалымдармен кездесті

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне ресми сапармен АҚШ-тың Бас консулы Мишель Еркін келді. Делегация Студенттер сарайында сирек кездесетін ғылыми кітапхана қорымен танысып, музейді көрді. Қонақтар университеттің халықаралық деңгейдегі жетістіктерімен, мүмкіндіктерімен танысты.



АҚШ пен Қазақстан университеттерінің, АҚШ-тың Қазақстандағы Елшілігінің және америкалық кеңестің әріптестік бағдарламасының қолдауымен АҚШ-тың Мичиган мемлекеттік университетімен бірлесіп, «Қазақстандағы өңірлік университеттер үшін экология және қоршаған орта туралы ғылымдар бойынша негізгі оқу бағдарламаларын ілгерілету» атты жоба іске асырылды. Бұл жобаға Джордж Вашингтон, Оңтүстік Дакота, Нью-Йорктегі Пейс және Мейн университеттері қатысты.

2020-2022 жылдары АҚШ Елшілігі қаржыландыратын педагогикалық университетті дамыту бағдарламасы (rufr) аясында біздің 30 оқытушы 72 сағаттық оқудан өтті. Қазіргі олар Сырдария ауданы мен Қызылорда қаласы ағылшын тілі мектептерінің оқытушыларын заманауи оқыту әдісіне үйретуде. Сонымен қатар екінші жыл Фулбрайт бағдарламасының стипендиаттары ағылшын тілін оқыту үшін үкіметаралық келісімдер негізінде АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігімен біздің университетке келеді. Кездесуде тараптар ынтымақтастық мүмкіндігін кеңейту, білім және ғылым саласындағы байланыстарды нығайту аспектілерін талқылайды.

Жиын соңында Бейбітқұл Сәрсемханқызы мұндай іс-шаралар өзара тәжірибелі байланыс және мәдени өзара түсіністікті нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді. Олардың қолдауы мен университетке деген қызығушылығы үшін алғыс білдіріп, естелік сыйлық табыс етті.

«ЖЖ» ақпарат

Мезгіл мәселесі



Еліміз бір айдан бері тілсіз жаумен күресіп жатыр. Арнасынан тасыған өзен суы жан-жақтан қаумалап, елді мекенге кіріп, тұрғын үйлерді топан су басты. Қауіпті аймақтардағы тұрғындар қанша күннен бері ұйықтамай бөгеттерді нығайтып, топан суға тосқауыл болуда. Алайда бөгеттер қатты ағын суға ыдыс бермей бұзылып жатыр. Қазір тасқын сумен күреске Үкімет, Төтенше жағдайлар министрлігі қызметкерлері, полиция, жергілікті атқарушы орган, әскери қызметшілер, жалпы ел жұмылдырылған.

22 734 адам үйлеріне оралған

Нақты деректерге тоқталсақ, 21 сәуір күні таңертең Жайық өзеніндегі су деңгейі қауіпті межеден асып, 8,5 метрге жеткен. Өзен суы жайылған жерге орналасқан саяжай алаптары су астында қалып, Жайық және Шаған өзендерінің маңындағы шағын аудандарға су жеткен. Бүгінде Орал қаласында су тасқынына қарсы іс-шаралар күшейтілген режимде жүргізілуде.

Қорғаныс құрылыстарын нығайту шараларына облыс бойынша 10,6 мыңнан астам және қала бойынша 6,4 мың адам, сондай-ақ елдің басқа өңірлерінен тартылған 2 мыңнан астам техника жұмылдырылған. Осы орайда вице-премьер Қанат Бозымбаев шарықтау шегіне жеткен су тасқынымен күресу үшін Маңғыстау, Ақтөбе облыстарынан, Астана мен Алматыдан тағы 500 әскери қызметші мен құтқарушыны БҚО-ға жіберуді тапсырған. Қазіргі таңда Оралға ТЖМ және Қорғаныс министрлігі бойынша 200 адам келіп, жұмысқа кірісіп кетті. Оралдың периметрі бойынша су тасқынына қарсы қорғаныс құрылыс-

тарын тексерген Қанат Бозымбаев су тасқынының шарықтау шегі ұзарады деген болжам бар екенін ескеріп, топырақ бөгеттерін тағы бірнеше метрге көтеруді тапсырды.

Төтенше жағдайлар министрлігінің өкілі Асқар Шәріп Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында Жайық өзенінде туындайтын су тасқынының екінші толқыны ерекше бақылауға алынғанын жеткізді. Оның мәліметінше, БҚО-да 81 523 қашық және 2 770 тонна инертті материал төселген, бөгеттердің іргесін көтеру және нығайту жұмыстары жалғасуда. Атырау облысында 824 мың қашық және 2 700 тонна инертті материал төселген, 4 424 шақырым бөгет тұрғызылып, іргесі нығайтылған. Сондай-ақ әлі күнге дейін Жайық өзенінің су деңгейіне мониторинг жалғасып жатыр, азаматтарды құлақтандыру және телерадио арқылы хабарландыру әр 4 сағат сайын жүргізілуде. Қазіргі таңда 22 734 адам өз үйлеріне оралған. Ал уақытша паналау бекеттерінде 8 809 адам, оның ішінде 3 828 бала тұрып жатыр.

Атқарылған жұмыстарға тоқталсақ, елді мекендерден 11,2 млн астам текше метр еріген қар суы шығарылып, 4,6 млн қапшық және 1,4 млн тоннадан астам инертті материал төселген. Нәтижесінде судың бағыты 4 536 тұрғын үй және 2 767 аула аумағынан бұрылған.

Бұл жұмыстарға, яғни авариялық-құтқару және тасқынға қарсы жұмыстарға 36 484 адам, 5 083 техника, 888 су алу құралы, 381 жүзу құралы, 16 әуе кемесі жұмылдырылып отыр. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қиын-қыстау заманда су басқан аймақтарға көмек беруге еліміздің түкпір-түкпірінен қаншама азамат барып жатыр. Солтүстік Қазақстан облысының тұрғыны Оксана Голованова 10-15 көрші жиналып, әскери қызметшілерді, көмекке келген еріктілерді тамақтандырып жатқанын айтады.

— Қанша адамды қамтығанымызды айта алмаймын. Өйткені күні бойы көзекпен тамақтандырып жатырмыз. Басқа адамдар да азық-түлік, картоп, рожки, түрлі жармалар әкеліп жатыр,

оны осы жерде пісіреміз. Кейбірі дайын тамақ әкеліп қалдырып жатыр. Мен осы ауылда туғанмын, 40 жылдың ішінде мұндай топан суды көрмеппін. Су үйге келіп тұр, бірақ жігіттер бар күшін салып жатыр. Басында қорықтым, жыладым, енді қазір ешқандай сезім қалмады. Бірліктің арқасында бұл қиындықты да жеңіп шығамыз. Бұл күндер де артта қалады, — дейді Оксана Голованова.

Ел басына күн апас, ер етігімен күн көшер. Иә, табиғи апат айтып келмесі анық, десе де осындай қиын-қыстау уақытта елдіміз сыналатын кезең деп айта аламын. Жұмыла жасаған істің нәтижесінде көптеген қасыретті артта қалдырған ұлы халықтың ұрпағымыз. Десе де бұл мәселемен еліміз бірінші рет бетпе-бет келіп отырған жоқ. Сондықтан Президент айтқандай, алдағы уақытта әбгерге салған су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруға міндеттіміз.

Жандос ЖАЗКЕН

Бағдарлама игілігі

Өнімі өтімді жылыжай



Көктем ортасынан ауа бере қарапайым жұрт ауласындағы жерін дайындап, көкөніс баптап, бақша салудың қамына кіріседі. Бұл уақытта жұрт көшетті таласып алып жатады. Әрине ерте көктемде, яки қыс аяғында үйіне арнайы ыдыстарға тұқым тастап, оны осындай уақытта сыртқа шығаратын пысықайлар да жоқ емес. Бірақ ондайлар көп те емес, реті келсе, дайын көшетті ұяшықтарға орналастырып, өнімінің ертерек өскенін қалайды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Дәл осы уақытты үй ауласынан жылыжай ашып, көшет дайындағандар тиімді пайдаланады. Себебі сәуір айында түрлі көшеттердің бағасы да жоғары, оған сұраныс та көп. Бірақ ауданда кәсіптің бұл түрін қолға алғандар саусақпен санарлық. Шыны керек, аудан бойынша жылыжай ісін қолға алғандар онға да жетпейді. Қарап отырсаң, қарапайым жұмыс, бірақ ақталамын деген адамға сылтау көп қой, бірі оның қырсырына қаншқ еместігін алға тартса, енді біріміздің жалқаулығымыз тағы бар. Кешегі Мөрәлі Шәменов ауылына барған сапарымызда кәсіптің бұл түрінде табыс мол болатынын түсіндік.

Ауылдағы Пұсырмановтар отбасының жылыжай ісімен айналысып жатқанына быыл екінші жыл. Былтыр ауладан шағын жылыжай ашып, онда көкөністің бірнеше түрін баптаған Отағасы Бағдат Пұсырманов былтыр көктемде көшет алуға жұрттың кезекте тұрғанын айтады. Оның өтімділігі соншалық, бір жылға өзінше көшеттер бір жетпей өтіп кетіпті. Мұнан кейін де тапсырыс көп болған, бірақ оның бәрін қамтамасыз етейін десе, жылыжай көлемі кіші.

Не керек, кәсіптің бұл түрінде мол пайда барын түсіне қойған Бәкең отбасымен ақылдасып, кәсібінің көкжиегін кеңейтуді мақсат етеді. Қолда бар қаражатты осыған дейінгі жылыжайдың құрылысына жұмсаған. Осы ретте кәсіпкерлікті қолдайтын мемлекеттік бағдарламалардың көмегіне жүгінуді көздейді. Былтыр бұл отбасы қайтармсыз грантқа құжат тапсырып, дәл осы жобаны қорғауға бел буған. Абырой болғанда комиссия мүшелері Пұсырмановтар отбасының жарқын жобасын қолдап, «қайтарымсыз қаражат беруге лайық» деген бір шешімге келген. Ал нәтижесін кеше көзімізбен көрдік.

Қай көкөніске қандай күтім керек, бұл жағы Бәкеңнің жары Айымқұл апамызға таңсық емес. Себебі бүгінгі

бағанның әкесі ертеректе ауылға мәлім дикан болған деседі. Әкесінің қасында жүріп, бала кезінде мұның бәрін зердесіне құйған Айымқұл апамыз бүгінде көрген-білгенін балаларына үйретіп келеді. «Егін-шінің баласы арық қазып ойнайды» деген осы шығар сіре, «алма ағашынан алысқа түспейді» деген тағы бар. Бүгінде аналары бастаған игі істі балалары өрістетіп отыр.

Былтыр шағын жылыжайда қызанақ, қырықбабат, қияр, ашы бұрыш, тұшы бұрыш, баклажан сынды көкөністің онға жуық түрі егілген. Жоғарыда айтқанымыздай, мұның барлығы 7-8 күнде өтіп кетіпті. «Өзімізге аулаға орналастыратын көшет те қалмады ғой» деп күледі Бағдат ағамыз.

Зер салсақ, жылыжай құрылысына айтарлықтай көп қаражат кетпеген. Айналыра қоршау темірлерді тапсырыспен жасатқан демесеңіз, сырты толықтай көңігі салафанмен қаптаған. Қыстың ортасында тастаған тұқымы бүгінде көктем тұр. Арнайы ыдыстарға орналастырылған көшеттердің алды сатылымыға шығып жатыр. Біз барған күні аудан орталығынан келген жылыжай өнімінің тұтынушылары қызанақ пен қиярдың көшеттерін көптеп алып кетті. Бәкең олардың осында бір жеті бұрын тапсырыс беріп қойғанын айтады.

«Еңбек етіп, табыс табамын» деген адамға тіршілік көп, тек өрекет ету керек. Негізі бұл жобаның авторы — үйдегі апан. Біз бастапқыда тек көмекші болып жүрдік. Кейін балам анасынан көкөніс баптаудың, жалпы жылыжай ісінің қыр-сырын жетік үйреніп алды. Өзі ауладан ашқан жылыжайдың күтіміне жауапты болды. Мына жердің барлығы бақша салуға қолайсыз болды, себебі құмы құнарсыз еді. Біз оны өңдеп, жылыжайға дайындадық. Оған да қаншама уақыт кетті. Ал қазір қарап отырсаңыз, ауладағы дайын

тың жерге бақша салуға құлықсыз адамдар да жоқ емес. Тағы да қайталап айтамын, еңбек ете білсең, табысқа жетудің жолы көп. Тек кер-жалқаулықтан ада болсақ жеткілікті. Мына көшеттердің көптігіне таң қалып тұрған шығарсыздар, негізінен мұның барлығын алдын ала тапсырыс беріп қойған. Қазір жылыжай ішіндегі өнімдерім толық бой алмай тапсырыс қабылдамай отырмын. Ертең осы жаққа көшіріп, арнайы ыдыстарға орналастырғаннан кейін оларды да сатылымға шығарамын, — дейді Бағдат Пұсырманов.

Міне, осындай уақытта өнімнің бұл түріне қаншалықты сұраныс болатынын Бәкеңнің сезінен-ақ бағамдай беріңіз. Иә, оның бізге қалай ақыл айтса да жөні бар. Өрекет етті, соның жемісін көріп отыр, «өрекет түбі — бәрекет» деген осы шығар, сіре.

Қазір дайын өнімдерді сақтайтын шағын жылыжайда баклажан, ашы бұрыш, тұшы бұрыш, қызанақ, қияр сынды көкөністің 7-8 түрі бар. Ал үлкен жылыжайда қызанақтар бой алып, қияры құлақтап жатыр. Бұ-йыртса, Бәкең оларды да алдағы апта сатылымға шығармақ. Мұның бәрін бағбан ташымалытып сурау әдісімен шығарып отыр.

Айта кетейік, соңғы жылдары М.Шәменов ауылында кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді. Былтырдың өзінде ауылдағы 7 азамат қайтарымсыз қаражатқа ие болған. Олардың қатарында Бағдат ағамыз да бар. Ал енді бірі қондир-терлік өнімдер өзінше қолға алса, қалғаны мал шаруашылығында табысқа көнеліп отыр.

Ауыл аудан орталығына ең жақын орналасқан елді мекендер қатарында. Бұл да жергілікті жұрттың кәсіп бастауына үлкен көмек болып отыр. Себебі ауылда өндірілген өнімдерге Жалағаш кентінен де көптеп сұраныс түсіп жатыр. Бір байқағанымыз, ауыл тұрғындарының бұл мүмкіндікті құр жібергісі жоқ.

Ауыл тынысы

Көгілдір отын тұтынатын күн жақын

Мәрәлі Шәменов ауылына былтыр барғанымызда кіреберіс жолдың мәселесін ауыл әкімі Ғалымжан Есжановтың назарына салғанбыз. Аузын бақсақ, бұл жолдың жайы Ғалекеңнің де жанына батып жүр екен. Арнайы жоба дайындап, қаржылай қолдауға ұсынып қойғанын айтқан. Мақұлданса, ауылда жол мәселесі толық шешілгелі тұр.

Бұлай деуімізге негіз жоқ емес, Ауылда бас-аяғы 12 көше бар, оның 10-ына асфальт төселген. Қалған екі көшеде жай тас жатыр. Ауылдағылардың бар тілегі осы «кіреберіс жол жақсарса» дейді. Кешегі сапарымызда қарқынды құрылыс жүріп жатыр екен. Шанды бұрқыратып, техникалар ескі трубаларды қазып алып тастаған. Жолдың бергі бетіне жаңасын түсіріп үлгеріпті.

Ішімізден жақсылыққа жорып, «жоба қолдау тапқан екен» деп түйдік.

Жаңылмаппыз, ауыл әкімінен ардагерлерге дейін құрылыстың басында жүр, бәрі де балаша мез. Енді қайтсін, ішкі көшелерің тақтайдай тегіс болғаннан не пайда, ауылдағы 4 шақырымдай жолың жайсыз болса, міне, енді оның да мәселесі шешілгелі тұр.

Ауылға алып баратын жолды бас мердігер «ӘлемТрансЖол» ЖШС жүргізуде. Облыстық филиал директоры Сәрсенбек Махаев қазір құрылыс басында 10 адам жұмыс жасап жатқанын айтады. Серіктестік ұжымы алдымен ауылға дейін жолды кесетін 4 каналға трубалар орнатады. Содан кейін қиыршық тас төселеді, бетіне шебін сепкеннен кейін асфальт төсейді. Демек алдағы 1-2 айда бұл жол да халықтың игілігіне берілімек.

Қазір 2-2, 2-2,5 шаршы метр ескі трубалар қазылды, орны тазартылып, жаңасын орнату жұмыстары жүруде. Енді ауылға дейін 1-1,5 шаршы метр болатын тағы 2 трубаның орны тазартылып, жаңасы салынады. Содан кейін жол құрылысына кірісеміз. Бұйырса, көп ұзамай жолаушылар, жергілікті халық тақтайдай тегіс сапалы жолмен қатынайтын болады. Құрылыс жұмыстарын уақытында және сапалы аяқтаймыз. Оған біздің техникаларымыз жарақты, жұмысшыларымыз да тәжірибелі, – дейді серіктестіктің облыстық филиал директоры Сәрсенбек Махаев.

Сәкеннен сұхбат алып болғанымыз сол еді, ауыл әкімі Ғалекең тағы бір жақсы жаңалықтың шетін шығарды. Сөзіне сүйенсек, әлгі тас төселген 2 ішкі көшенің орташа жөндеу жұмыстарына қатысты жоба әзір тұр екен. Жалпы құны 60 млн теңгеден асатын бұл жоба да қолдау тапса, әлгі екі көше орташа жөндеуден өтеді. Мұнан кейін Мәрәлі Шәменовтың жол мәселесі 100 пайыз шешімін тапқалы тұр.



Айтпақшы, алдағы жылу маусымынан бастап бұл ауылдың халқы көгілдір отын тұтынады. Елді мекен жұрты үшін басты жаңалық осы болғалы тұр. Біз барғанда мердігер мекеме трубаларды көму жұмыстарын аяқтап қалыпты. Енді оларды желдетіп, ішін тазартады. Мұнан кейін үйлерге газ тарту жұмыстары жүреді.

Мердігер мекеменің операторы Самат Баймаханов қазір трубаларды орналастыру бойынша 3-4 күндік жұмыс қалғанын айтады. Сапасын тексеріп алғаннан кейін үйлерге газ тартылады. Негізінен бұл ауылда 197 отбасы бар екен.

Өзіміз ақпанның аяғында келдік, 27 ақпанда техника түсірдік. Тру-

баларды орналастыруға ең таязы 1,2 метр және 1,40 метр тереңдікте қазып жатырмыз. Қазір оларды да орналастырып болып қалдық. Енді бас-аяғы 3-4 күндей жұмыс қалды. Қазір облыстан қажетті басқа да құрал-саймандар, қажетті материалдар келе жатыр. Барлығын болғасын желдетіп, тапсырыс беруші мекемеге сапасын көрсетеміз. Мұнан кейін үйлерге газ тарту жұмыстарына кірісеміз. Қазір құрылыс басында 20-ға жуық адам жұмыс жасап жатыр. Алдағы 1 айда толық газ құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз, – дейді оператор Самат Баймаханов.

Сәкеннің бұл салада 16 жылдық тәжірибесі бар. Бұл жобаны сапалы аяқтауға жауапкершілікпен қара-

ғанын айтады. Себебі газ өте қауіпті болғандықтан оны тұрғындардың тұтынуында ешқандай мәселе болмауы керек деп есептейді. Жолы жөндеуден өткен, бір жағынан көгілдір отын кіріп жатыр. Бұл ауылдың болашағы қандай екенін осыдан-ақ бағамдаса болатындай. Ауыл әкімінің елге деп еңбек етіп жатқаны жерлестерінің көз алдында. Орталықтан ауылға қатысты бір жобасы қолдау тапса, елді мекенге балаша қуанып келеді екен. Бірлігі бекем, тірлігі түзу ауылдың соңғы жылдары біршама мәселесі шешіліп қалғандай.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Бәрекедді!

Өнерімен өрге жүзген

Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басудың бір тетігі – мәдениет саласын өркендету. Елдің рухани дамуы мен кемелденуі мәдениеттің қарқынды дамуымен ұштасып жатыр. Ауданда да мәдениет пен өнерді қатар алып жүрген өнерпаздар жетерлік. Кешегі аптада Алматыда өткен III республикалық жас өнерпаздар конкурсында жалағаштық жас өнерпаздар топ жарды.

Мәдениет пен өнер – өмірдің ажырамас бөлігі, еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағытының бірі. Алматыда өткен III республикалық жас өнерпаздар конкурсының да мақсаты – ел мәдениетін асқақтататын жас өнерпаздардың талабын шыңдау.

Байқау 19 сәуір күні таңнан кешке дейін болды. Шымкент, Тараз, Ақтау, Алматы және тағы басқа қалалардан өнерпаздар көп келді. Өр-



аймақтың намысын қорғауға бел буған өнерпаздардың барлығы өте үлкен дайындықпен келген. Бірақ біз де өзімізге сенімді болдық. Себебі біз алып келген өнерпаздар да осал емес еді. Қобалжып жүргенімді байқады ма, бір оқушымыз келіп «уайымдамаңыз, біз бас жүлдені иеленеміз» деп өзінің қолдауын білдіріп қойды. Осылайша шараша демеу, кешке дейін әр өнерпаз өзінің бағыты бойынша өнер көрсетті. Нәтижесінде расымен әлгі оқушымыз айтқаны келіп, жүлделі орындарды біз иелендік, деп қуанышымызбен бәлісті жас өнерпаздарға жетекшілік еткен Аида Рысмахан.

«Өнер әлемі» продюсерлік орталығы және «Жеті өнер» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен конкурста еліміздің барлық облысы мен қаласынан бағы мен бабы келіскен мықтылар келген. Жалпы конкурс көркем сөз, хореография, аспапта орындаушылық өнері және дәстүрлі өн мен бейнелеу өнері деген 5 бағыт бойынша өтті. Жерлестеріміз әр бағытта осалдық танытпай, жүлдегер атанып, топ жарды. Аққум ауылдық клубы жанынан құрылған «Сырлы сөз» көркем сөз үйірмесінің өнерпазы Аяулым Алпысбай және Алматы Жансұлу Доспан Даражаның жетекшілігімен көркем сөз құрдан бас жүлде иеленді. Сонымен қатар осы ұстаздың жетекшілігіндегі Асылхан Томрис пен Айару Сабыр және Данияр Айтұған да жүлделі I орынға ие болды.

«Көңілді ноталар» ән үйірмесінің өнерпазы Аяулым Ізбасар Айгүл Тұрабаеваның жетекшілігімен «Алтын бесік» өлеңін айтып, бас жүлдені қанжы-

ғасына байлады. «Ақмаржан» қолөнер үйірмесінің өнерпазы Абай Көшербекулы қолөнер сайысына үйдің макетін жасап, бас жүлдеге және «Балдүрэн» домбыра үйірмесінің өнерпазы Нұрасыл Өмірбекулы Аида Рысмаханның жетекшілігімен домбыра тарту сайысында жүлделі I орынмен марапатталды.

Мен XXI ғасырға сай өтіп қосқабатты үй макетін жасадым. Қазақи нақышты басты рөлге қойып, үйдің іші-сыртын ою-өрнектермен безендірдім. Қазіргі болып жатқан зілзала, яғни жер сілкінісіне сай өтіп жасадым. Яғни барлық жақты қамтуға тырыстым. Өзім үй салуға, түрлі жобалар сызуға қызығамын. Қазір 8-ші сынып оқимын, болашақта Өнеркәсіп және Құрылыс министрі болсам, дәл осы үлгімен, дәл осы мекеттегі үйлерді салуды жоспарлап жүрмін. Бұл – алғашқы макетім, сәтті шықты. Енді қазір Өзбекстан елінде өтетін жарысқа дайындалып жатырмыз, – дейді қолөнер бағытында бас жүлде иеленген Абай Көшербекулы.

Аудан намысын қорғаған жас өнерпаздардың жетекшілері Даража Доспан көркем сөз оқудан, Аида Рысмахан аспапта орындаудан және Айгүл Тұрабаева ән айтудан «Үздік жетекші» номинациясына ие болды. Ауданда дәл осындай жас өнерпаздар тәрбиеленіп жатқаны қуантады. Жас өнерпаздардың әлі де бағындырар биігі, алар асуы көп. Осы бағыттағы қадамына сәттілік тіледік.

Ақнұр АЛТЫНБЕК



Сенбілік тазалыққа үндейді

Өткен апта соңында Жалағаш кенті және ауылдық округтерде жаппай сенбілік жалғасын тапты. Сенбілік жұмыстарына аудан бойынша 145 мекемеден 1 800-ге жуық адам қатысып, 24 дана техника жұмылдырылды. Көшелер мен саябақтардағы қоқыстар тазартылып, құраған талдар кесіліп, аяқ су жүретін арықтар құраған жапырақтардан арылды. Жалпы 13 тоннаға жуық құлақоқыс белгіленген орындарға шығарылды.

Сондай-ақ сенбілік жұмыстары аясында көшелер, аллеялар мен саябақтарда 1 700 түп ағаш отырғызылды. Жиналған қоқыстарды шығаруға Жалағаш кенті бойынша жауапты мердігердің, ауылдық округтер бойынша шаруа қожалықтардың техникалары жұмылдырылды.

Тазалық табалдырықтан басталары белгілі. Аудан тұрғындары да тазалықтан алыс емес. Мәселен, кенттегі Бұқарбай батыр көшесінің тұрғындары сенбілік жұмыстарына көршілер болып атсалысты. Үлкеннен кішіне дейін көршілердің бірлігін көрсеткен көше тұрғындары жаяу жүргіншілерге арналған жолдар мен аяқ су жүретін арықтарды тазартты. Тазалық акциясын тұрақты түрде жалғастырып отыратынын да жеткізді.

Ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу бағытында мұндай келелі бастамалар – таптырмас тәрбие құралы. Бұл туралы аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағаш кенті тұрғындарымен кездесуінде айтқан болатын. Ынтымағы жарасқан Жалағаш кенті Бұқарбай батыр көшесінің тұрғындары экологиялық акциялардан бөлек, атаулы күндер мен мерекелік шараларды да жұмыла тойлауды әдетке айналдырған. Көшелерін керемет қылып келістірген кемеңгер жандар іс-шараның соңын бір үйдің баласындай керегесі кең берекелі дастарқан басында тәмамдады.

«ЖЖ» ақпарат



Аққұм қарқынды дамуда

Қазіргі таңда елімізде ауылды дамыту мәселесіне қатысты бірнеше бағдарлама қабылданған. Оларды жүзеге асыруға қомақты қаржы да бөлінуде. Бір қуантатыны, ауданымызға қарасты ауылдардың дамуы тұрғысында ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже мен жаңалық жетерлік. Олай болары заңдылық, өткен тарихымыз көрсеткендей, біздің ауыл шаруашылығы мен ауылдың есебінен өмір сүріп жатқан жайымыз бар.



Ауданда өрісті жобалар қолға алынып, қарқынды даму жолына түскен ауылдың бірі – Аққұм. Бүгінде ауыл кәсіпті, шаруашылық жүргізудің озық үлгілерін алып келумен, яғни өз әлеуетіне арқа сүйеу арқылы әлеуметін арттырып отыр.



Қазіргі таңда Аққұм ауылдық округінде 380 отбасында 1845 халық тұрады. Елді мекенде 2 заңды тұлға, 13 шаруа қожалық, 5 бюджеттік мекеме және пошта байланыс бөлімшесі, учаскелік полиция пункті, бір мешіт халыққа қызмет көрсетеді.

Былтыр ауылға абаттандыру мен көгалдандыруға 1 млн теңге бөлініп, елді мекен аумағында билбордтарды жаңарту, өкпеу, бояу жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ санитариялық жұмыстарға 1 млн теңге қаралып, көшелер жоқыстардан тазартылған. Ауылшілік Желтоқсан, І.Доспанбетов көшесіне түнгі жарық шамдары ауыстырылған.

«Бірлік болмай, тірлік болмайды» деген тәмсілге сүйенген аққұмдықтар ауылды абаттандыруға өздері де үлес қосуда. Әсіресе кәсіпкерлер бұл тұрғыда белсенді. М.Нұрқожаев көшесі мен орталық алаңға «Бірлік-А» шаруа қожалығы 1,2 млн теңгеге жарықтандыру жұмыстарын жүргізген. 1986 жылғы ауыл түлектері «Тайман қари» мешітіне 2 млн теңгеге жөндеу жұмыстарын жасап берген. Тұрғындардың ортақ қорынан жиналған қаражатқа А.Бисенов атындағы №38 орта мектептің ауласына типтік жоба бойынша орнатылған. Бүгінде орталық алаңға ауыл азаматтары 8 млн теңгеге Ауған соғысының ардагерлеріне арналған ескерткіш тақта орнату жұмыстарын жүргізуде.

Ерекше тоқталатын жайт, биыл ауылда жол құрылысы қарқын алған. Аққұмның әкімі Алтынбек Асанбе-

ковтың айтуынша, ауылда 14 ішкі көше бар. 10 көшенің жөндеу жұмыстарына 472 млн теңге мемлекеттен қаржы қаралған. Былтыр оның 2-еуі күрделі жөндеуден өтсе, биылғы жылдың өңісінде тағы 8 көше бар екен. Бүгінде мердігер мекеме Лекеров пен Доспанбетов көшелеріне асфальт төсеу жұмыстарын жасауда.

Сонымен қатар қазіргі таңда ауылда кәсіппен айналысатын азаматтар қатары едәуір артқан. Нақтырақ айтсақ, жыл басынан бері 20 кәсіпкерлік субъектісі кірістер басқармасына тіркелген. Мәселен, «Бірлік-А» ШҚ «ҚазАгро Қаржы» ұйымы арқылы «Сыр бойы» қаржы ұйымынан елн шаруашылығына 46,5 млн теңге қаржылай қолдау тауып, кәсібін дөңгелентіп отыр. Ауыл тұрғыны Майра Смайлова мал шаруашылығына «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-дан 5 млн теңге несие алған. Сондай-ақ 4 ауыл тұрғыны «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 2,5 пайыздық несиеге құжат өткізіп, бүгінде қаржыландыруын күтуде. Ал 9 ауыл тұрғыны кәсіпкерлікті дамыту мақсатында 1 380 000 теңге қайтарымсыз грант алып, екі қолға бір күрек тапқан.

Аққұмдықтар «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» деген Бейімбет Майлиннің ұранын өз ұстанымына айналдырғандай. Иә, ауыл ажарланса, қазақтың да маңдайы жарқырағаны, дамудың қарқын алғаны емес пе?

Жандос ЖАЗКЕН

Кәсіп

Бие байлап, саумал сатқан

Таңсәріден елді мекендерге жұмыс сапарымыз Мырзабай ахун ауылынан бастау алды. Мұндағы жастар бүгінде мемлекеттік грант арқылы шағын кәсіп бастап, жарқын жобалардың игілігін көруде. Олардың қатарында жылқы шаруашылығын қолға алып, кәсіп етіп отырған Қанат Досым да бар. Ауылға арнайы келгесің, бие байлап, саумал сатқан кәсіпкердің шаңырағына барып, жұмысымен танысуды жөн көрдік.

Сауын уақыты болса керек, саумал ішуге келушілер де осында екен. Біз де ауыл тұрғындарының қатарына жайғасып, жаңа сауылған саумалдың дәмін таттық. Жас кәсіпкер Қанат Досым былтыр аудан орталығындағы әлеуметтік қызметкерлерден кеңес алып, «Бастау бизнес» жобасы аясында мемлекеттен қайтарымсыз грант ұтып алған. Мал бордақылау мақсатында 4 бас жылқы алған кейіпкеріміз биылдан бастап бие байлап, саумал өндіруді бір жолға қойған.

Кейіпкеріміздің айтуынша, сауынға байланған биені шошытып-үркітіп алмай жуасытқан тиімді. Биені сауған соң 1,5-2 сағат ішінде қайтадан желініне сүт толады. Ол қорасындағы 3 биені күніне 4 рет 2 сағат сайын сауып, 4 мезгіл жем, жоңышқа береді. Бір сауымда 1 литр саумал шығады. Түсте қорада тұрған жылқыларды екі сағаттай кездіреді. Бір қызығы, биелерді әрі кетсе 1 минутта тез сауып болу керек. Өйткені төрт түлік малдың ішіндегі жылқы – өте кірпіяз, таза, кінамшід, судың тазасын ғана ішетін мінезді жануар.

Кәсіпкер негізінен өнімін саумал түрінде өткізеді, ал артылғанынан қымыз піседі. Саумалдың 1 литрін мың

теңгеден сатады.

– Саумал – сан ауруға ем. Оны күнделікті тұтынатын тұтынушылар қатары артып келеді. Жылдың қай мезгілі болсын саумалды емге пайдаланатындар бар. Яғни саумал асқазаң, өкпе, жүрек ауруларына ем, қанайналым, ішек жұмысына көмектеседі. Жалпы денсаулыққа шипа болсын десеңіз, саумалды кем дегенде 15 күн ішкеніңіз жөн. Ол өркімге өрқалай әсер етеді. Кейбір адамда алғашқы 1-2 күнде іш жүргізуі мүмкін. Ал 2-3 күннен кейін тоқтаса, ағза оған бейімделіп, бойға сіңіп жатыр деген сөз. Кері әсер ететін кездері де болады, ол көзде денсаулығыңызды тексеріп алған артық болмайды. Қымызға да сұраныс жоқ емес, – дейді Қанат Досымов.

Иә, ауыл тұрғындары арасынан күн санап қымызға деген сұраныс арта түскен. Кейіпкеріміздің айтуынша, қымыздың да түрі көп екен. Атап айтсақ, балқымыз – бал қант, өрік-мөіз қосылып ашытылған қымыз. Ол сырқат адамға, балаларға, жас босанған әйелдерге беріледі. Сіргежияр қымыз – күзде бие ағытарда бірнеше күн жиналған қымыз, салт бойынша сіргежияр қымызға ел шақырып, бөліп



ішкен. Уыз қымыз – бие сүтінің уыз дәмі тармаған кезде ашытылған қою қымыз. Бұл кей жерлерде майқымыз деп аталады. Сары қымыз – жаздың ортасында, шөп өбден піскен, буыны қатқан кездегі қымыз. Тіпті қысқы қымызды тек хандар, байлар мен ауқатты адамдар, ал жазғы қымызды бүкіл халық ішкен деседі.

Иә, адам кәсіптің қай түрін қолға алса да, оған бар ынта-жігерімен кіріспесе, нәтиженің шығуы екіталай. Ал біз өңгімелеп отырған еңбеккер жас бұл кәсіптің қыр-сырына жастайынан қанық, Биелерді өзі сауады, жайлау

жұмыстарына өкесі көмектеседі, қымызды анасы дайындайды. Қолында қос бірдей дипломы болса да, кәсіпті дұрыс көрген кейіпкеріміз еңбеккер.

Ауданның тіректі ауылына айналған елдің ауызбіршілігі мығым, ісі тиянақты. Ағайынның тату-тәтті тірлігіне сүйсініп қараған біз еңбекке деген адалдықтан үлкен шаруашылық құрмаса да, қолда барға қанағат қыла білген ауылдық қоңыр тіршілігінің куәсі болдық.

Ақтолы ЕРЖАНҚЫЗЫ

Бағдарлама игілігі



Емхана ел игілігіне жарап тұр

Соңғы жылдары өңірде денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөлініп келеді. Бірнеше аудан әкімінің тұсында Мырзабай ахун ауылындағы ағайынның талап-тілегі былтыр орындалды. Дәл осы жылы аудандағы қос бірдей ауылға, яғни Мырзабай ахун мен Есет батыр ауылдық округіне дәрігерлік амбулаториялық емхана салынып, ел игілігіне пайдалануға берілген болатын.

Мырзабай ахун ауылында бүгінде 1420 тұрғын бар. Елді мекендегі емдеу нысаны осыдан бірнеше жыл бұрын салынған. Ғимарат ескі, сондықтан денсаулығы сыр берген тұрғындар аудан орталығына барып ем қабылдайтын. Ал қазір ауыл тұрғындары емделу үшін ауданға атбасын бұрмайды. Себебі басы ауырып, балтры сыздаған жандар енді бұрынғыдай ем іздеп алысқа сабылмай-ақ ауылдық дәрігерлік амбулаторияның білікті қызметкерлерінің көмегімен жанына шипа табады.

Ғимарат ішінде тіркеу орны, аптекалық бекет, қабылдау, оқшаулау, физиотерапиялық емдеу, егу бөлмелері, лаборатория, архив, жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті, әйелдерді қарау бөлмесі, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де арнайы бөлме жабдықталып, қолайлы жағдай жасалған. Мұнда 1 дәрігер, 1 аға мейірбике, 2 мейірбике, 1 фельдшер, 1 акушер мейірбике, 1 ем-шара жүргізетін мейірбике, 1 зертханашы, 2 кіші аяқан бар.

Емхана жұмысымен таныстырған медбике Меруерт Болатқызы мұнда 5 орынды күндізгі емдеу стационары да жұмыс істейтінін айтады. Өңіміз барысында ауылдық амбулаторияның күндізгі емдеу стационарында ауыл тұрғындары күнделікті ем қабылдап жатқанын байқадық. Олар ақхалатты абзал жандарға риза екенін айтып, жаңа емхананың пайдалануға берілгенін қуанышпен жеткізді. Солардың бірі – Анар Әзірбекова. Ол бұрын денсаулығы сыр бергенде аудан орталығына барып ем алса, қазір ауылдағы дәрігерлердің бақылауында. Ақжаулықты ананың айтуынша, мұндағы қызмет көрсету сапасы аудандық емханадан еш кем емес.

Заманауи медициналық құрал-жабдықтардың көмегімен дәрігерлер экг аппараты арқылы тұрғындардың жүрек ауруын дер кезінде тексеріп, қан арқылы түрлі талдау жұмыстарын жүргізе алады. Сондай-ақ емханада үлкендерге және балаларға арналған ингаляция құралы мен қант диабетін тексеретін құрылғы бар.

– Күніне 20-ға жуық науқас көбіне қаңқасымыз, жүрек, қаназдық, тұмау сырқатымен шағымданып келеді. Олар дәрігер тағайындаған ем бойынша күндізгі бөлімнен ем қабылдайды. Біздің басты міндетіміз – аурудың алдын алу, науқастың диагнозын деп тауып, уақытында ем-шара қолдану. Халықты дәрігерлік тексерістен өткізіп тұру, – дейді мейіргер Меруерт Болатқызы.

Акушер мейірбике Мереке Ыбраеваның айтуынша, мұнда былтыр 28 әйел жүктілік бойынша тіркеліп, оның 19-ы аман-есен босанған. Ал жыл басынан бері 7 әйел тіркелсе, биыл 5-еуі босанып, үйіне аман-есен шыққан. Жалпы туу жасында 215 әйел бар. Сондай-ақ ауылда мүмкіндігі шектеулі 30 адам бар. Емханада олар үшін де арнайы кабинет қарастырылған. Олар диагноз бойынша тағайындаған ем-шараларды уақытылы қабылдап, үнемі дәрігер бақылауында болады.

Айта кетейік, амбулатория құрылысын «Бақ-Береке – 2030» ЖШС салды. Емхана Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынған. Ауруы жанына батып келген тұрғындарға қажетті ем-шараларын жүргізіп, дәрмен де, сөзімен де жәрдем беретін мұндағы ақхалатты абзал жандардың еңбегі ерен.

А.БҰРКІТБАЙ



Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ
 Жалағаш аудандық
 «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
 Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
 «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
 Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
 Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 635